

НР 145 қорға тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

20.03.2007ж.

Қ.Р. Мәслихаттарының өкілеттілігінің екінші мерзімінің ұзартылуына байланысты, Сырым аудандық мәслихат депутаттарының бірінші сессиясы 6 қараша 1999 жылы болып өтті. Сол сессияда аудандық мәслихат депутаттар жиналысының хатшысы болып депутат А.Галимов, тексеру комиссиясының төрағасына О.Демесинов сайланды. Аудандық мәслихат депутаттар жиналысының тұрақты комиссиялары сайланып құрылды.

Сырым аудандық мәслихат депутаттар жиналысының атауы 08.02.2002 жылы Сырым аудандық мәслихат аппараты болып өзгертілді. 2002 жылдың 1 сәуірінен бастап аудандық мәслихат аппаратына бухгалтермен банкде дербес шот ашылды. Аппаратта 2 саяси 3 мемлекеттік қызметкер және 1 автокөлік жүргізушісі жұмыс жасады.

2003 жылдың қыркүйек айында аудандық мәслихаттың 12 округте үшінші мерзімнің сайлауы өтіп, оның 1 сессиясы 29 қыркүйекте болды. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары, мәслихат хатшысы болып депутат А.Галимов, тексеру комиссиясының төрағасы депутат М.Кадыров сайланды.

Қазіргі уақытта 2 саяси 5 мемлекеттік қызметкер және 1 автокөлік жүргізушісі қызмет жасауда.

Сырым аудандық мәслихат аппаратының құжаттары №145 қордың №1 тізімдемесі бойынша 1994-1998 жылға 50 іс, №1 “Ж” тізімдеме бойынша 1994-1996 жылға 2 іс Сырым филиалы мемлекеттік мұрағатта сақталуда. Аудандық мәслихат аппаратының 1999-2005 жылдардағы құжаттарын мемлекеттік мұрағатқа тапсыру үшін 2 тізімдеме жалғасы ретінде, №2 Ж тізімдемелер істеліп құжаттар сарапталып, ғылыми-техникалық өңдеуден өткізілді. Тұрақты сақталатын құжаттардың №1 тізімдемесі жасалды. Оған 1999-2005 жылдар аралығында 98 істер енгізілді. Олар аудандық мәслихаттың сессия хаттамалары, қаулылары, шешімдері, шығындар сметасы, штаттық кесте, жылдық бухгалтерлік есеп, жылдық статистикалық есептер. Жеке құрам жөніндегі құжаттардың №1 “Ж” тізімдемесіне 1999-2005 жылдарға 19 іс енгізілді. Олар мәслихат хатшысының өкімдері, еңбекақы төлеу ведомстері, жинақтаушы зейнетақы төлеу қорының құжаттары. №2 Ж тізімдемеге 4 іс енгізілді. Сонда (№1, №1 “Ж”, №2 Ж) тізімдемелер бойынша 1999-2005 жылдарға барлығы 117 іс облыстық мұрағаттар және құжаттамалар бөлімінің СТӘК –сына бекітуге ұсынылды. Сақтау мерзімі өтіп, ғылыми-практикалық құндылығын жойған 9 іс көлеміндегі құжаттар жою үшін

іріктеп алынып акт жасалды. Тұрақты сақталуға жататын жоқ құжаттарға да акт жасалды.

Мәслихат аппаратының б., ал бухгалтерия аппаратта болуына байланысты істер номенклатурасында б.1. индексы қойылған, сол себепті тізімдемеге б.1. индексі қойылды.

Мәслихаттың тексеру комиссиясының жылдық жұмыс жоспары істер номенклатурасы бойынша сақтау мерзімі 3 жыл 98 бап, сондықтан 2004-2005 жылдардағы комиссия жоспарлары №1 тізімдемеге алынбай тұр. Хат алмасу және тексеру жөніндегі актілерінің сақтау мерзімі 5 жыл 17 бап, осыған байланысты 2002-2005 жылдардағы аталған құжаттар № 1 тізімдемеге алынбай тұр.

Құжаттарды әзірлеу барысында 2006 жылғы істер номенклатурасымен тізімдемелерге құжаттарды жою актісіне индекстер қойылған. Мұрағатқа тапсыруға әзірленген құжаттардың физикалық жай-күйі қанағаттанарлық.

**Аудандық
мәслихаттың хатшысы:**



А.Галимов

ОҒЫМ аудандық Мәслихат-депутаттар жиналысының құрылымы және жұмысы туралы тарихи анықтама.

ОҒЫМ аудандық Мәслихат- депутаттар жиналысы өз қызметін "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы нр 2578- XII Заңының 2 бабына сәйкес және 1994 жылдың 26 наурыз күні ОҒЫМ аудандық Мәслихаты- депутаттар жиналысының I сессиясында, тұрақты және өзге де комиссиялар арқылы, сондай-ақ депутаттардың өз өкілеттіктерін заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыру жолымен құрылды.

Негізі: нр 145 қор, нр I I, нр 3 іс, п. I-10.

Мәслихат депутаттар жиналысын Қазақстан Республикасының тиісті өкілшілік-аумақтық мекенінде тұратын азаматтары бес жыл мерзімге сайлайды. Сайлауды өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының сайлау туралы Заңымен белгіленеді.

1994 жылдың 7 наурызында Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Кодекстің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің және жергілікті өкілді органдарының депутаттарын сайлау жөніндегі 12- тарауы және жергілікті өкілді органдарына сайлау туралы 14- тарауларына сәйкесті ауданда 15 аудандық округте сайлау өткізілді, сайланған 15 депутат.

I сессияда ашық дауысқа салғанда көпшілік дауыс алған нр 14 Алғабас сайлау округінен депутат Б. Тілегенов жолдас аудандық мәслихат хатшысы болып сайланды.

Негізінде: нр 145 қор нр 3 іс, 5 парақ, нр 12 іс I парақ.

Мәслихат депутаттар жиналысы қызметінің негізгі түрі сессия болып табылады, ол сессияда Қазақстан Республикасы Заңдарында өзінің қарауына жатқызылған мәселелерді шешеді, және тұрақты өзге де комиссиялар арқылы, сондай-ақ депутаттардың өз өкілеттігін заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыру жолымен атқарып келген.

Мәслихаттың депутаттар жиналысының кезекті сессиясы

жылына кемінде төрт рет шақырылып тұрған.

Мәслихат депутаттар жиналысы сессиясын, оның органдары мәжілістерін өткізу мәселелер енгізіп қарау олардың қызметі туралы есепті тыңдау, депутаттық сауалдарды шешімдер жобаларын қарау тәртібін дауыс беру тәртібін, сессияға шақырылатын адамдардың санын анықтау және сессия жұмысын ұйымдастырудың басқа да мәселелерін бекітетін оның регламенті айқындайды.

Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы 1993 жылғы 10 желтоқсандағы 2578-ХІ Заңының 20 бабына сәйкес Мәслихат- депутаттар жиналысының комиссияларын құрылған:

1. Депутаттық өкілеттілік, құқықтық және депутаттық этика жөніндегі комиссия

2. Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссия

3. Ауыл шаруашылығы және экономика мәселелері жөніндегі комиссия

4. Аудандық Мәслихаттың тексеру комиссиясы

Өткен сессиялардың уақыт аралығында аталған комиссиялар өз өкілеттігін көлемінде жұмыстарын атқарған.

Негізі: Қос нр 145, нр 3 іс 7 парақ нр 1 тізімдеме.

Жергілікті өкілді органдар туралы Заңының 26 бабына сәйкес, Мәслихат- депутаттар жиналысы мен оның органдарының қызметін ұйымдық, құқықтық және материалдық- техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін депутаттардың өкілеттігін жүзеге асыруда оларға көмек көрсету үшін Мәслихаттың- депутаттар жиналысының аппараты құрылды.

Аудандық Мәслихат- депутаттар жиналысының Қазақстан Республикасы Мемлекеттік атауы аталған елтаңбасының бейнесі, мөрі, белгіленген үлгідегі бланкілері бар, ал бланкілерде есеп шот жоқ. Мәслихат аппаратының қызметкерлері еңбек ақыларын

аудан әкімінің бухгалтериясынан алады.

1994 жылдың маусым айында штаттық кесте, еңбек ақы қоры 17863,33 болып бекітілген.

1. Хатшы - 1
2. Бөлім меңгерушісі - 1
3. Тұрақты комиссия төрағасы - 1
4. Референт - 1

Барлығы : - 4

1994 жылдың екінші жарты жылдығына еңбек ақысы 49977 болып бекітілген.

1. Хатшы - 1
2. Бөлім меңгерушісі - 1
3. Тексеру комиссиясының төрағасы - 1
4. Референт - 2

Барлығы - 5.

1995 жылдың ақпан айында штаттық кесте, еңбек ақысы 25040,72 болып белгіленген.

1. Хатшы - 1
2. Бөлім меңгерушісі - 1
3. Референт - 1
4. Машинистка - 1
5. Көлік жүргізуші - 1

Барлығы : - 5

1995 жылдың май айында штаттық кесте айлық ақы қоры 27208 болып бекітілген. Штат өзгеріссіз қалған.

1996 жылғы штат кестесі өзгеріссіз 5 адаммен қалып, еңбек ақы қоры барлығы 17525,60 қосымша екі айлық жәрдемге 24528 бекітілген.

1997 жылдың мамыр айында штаттық кесте еңбек ақысы 55532,73 болып бекітілген.

Хатшы - 1

Маман - 2

референт - 1

Көлік жүргізуші - 1

Барлығы : 5

1997 жылдың қазан айында штаттық кесте қайта қаралып, барлық еңбек ақы қоры 54628 болып бекітілген.

Хатшы - 1

Маман - 2

Көлік жүргізуші - 1

Барлығы : 4

1998 жылдың сәуір айында штаттық кесте, еңбек ақы қоры 34902 болып бекітілген.

Хатшы - 1

Маман - 1

Маман - 1

Көлік жүргізуші - 1

Барлығы: 4

Негізі: Қор нр 141 нр 14 іс, 3,5 парақ, нр 26 іс 1,2 парақ
нр 37 іс 1 парақ, нр 45 іс, 1,2 парақ, нр 53 іс,
1- парақ.

Сырым аудандық Мәслихат-депутаттар жиналысының 1994-1998 жылдардағы құжаттары мұрағатқа тапсыру сараптаудан өткізілді.

Құжаттарды сараптап, ғылыми-техникалық әңдеуден өткізгеннен кейін тұрақты сақталатын құжаттардың нр 1 тізімдемесі жасалды, оған 1994-1998 жылдар аралығындағы 50 істер енгізілді. Олар жоғарғы органдардың аудандық-Мәслихат-депутаттар жиналысының қызметіне қатысты қаулылары мен шешімдері, аудандық Мәслихат-

депутаттары жиналысы сессияларының хаттамалары, жылдық жұмыс жоспарлары, штаттық кестелері мен шығындар сметасы, аудандық Мәслихат депутаттар жиналысы хатшысының өкімдері т.б. тұрақты сақталатын құжаттар.

Жеке құрам жөніндегі құжаттарды нө І "ж" тізімдемесіне 1994 - 1996 жылдардағы 2 (екі) сақтау бірлігі көлеміндегі құжаттар енгізілді.

Сақтау мерзімі өтіп, ғылыми-практикалық құндылығын жойған документістер көлеміндегі құжаттар жою үшін іріктеп алынып, акт жасалды.

Тұрақты сақталуға жататын, бірақ мұрағатқа тапсырғанда жоқ болған құжаттарға акт жасалды.

Мұрағатқа тапсырылған құжаттардың физикалық жай-күйі қанағаттанарлық. Құжаттар мемлекеттік тілде жазылған.

Сырым аудандық Мәслихат
депутаттар жиналысының
хатшысы:


 А. ГАЛЫМОВ